



АТЫРАУ
UNIVERSITY

Газет 2000 жылдың
сәуір айынан шығады

Университет

Х.ДОСМҰХАМЕДОВ АТЫНДАҒЫ АТЫРАУ УНИВЕРСИТЕТІНІҢ БАСЫЛЫМЫ
ИЗДАНИЕ АТЫРАУСКОГО УНИВЕРСИТЕТА ИМ. Х.ДОСМУХАМЕДОВА

№5 (139)

Қыркүйек, 2024 жыл



1 қазан

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ

*Жоғары білім
қызметкерлерінің күні*

**Қадірлі әріптестер! Құрметті университеттің
профессор-оқытушылар құрамы һәм ұлағатты ұстаздар!**

2024 жыл – бұдан былай біз үшін тарихи маңызы бар айрықша кезең болып белгіленіп отыр. Себебі, сәуір айында Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрлігі 1 қазан күнін – Қазақстан Республикасының Жоғары білім беру қызметкерлері күні ретінде кәсіби мерекелер қатарына енгізді.

Ресми күнтізбеге жаңадан енген аталмыш дата тікелей университет қызметкерлерінің төл мерекесі ретінде құнды. Бұл жоғары білім беру саласында қызмет атқаратын әрбір маманның абыройын асқақтатып, мерейін өсіруге бағытталған шаралардың бірі және бірегейі деп білеміз.

Осы орайда еліміздің әр қиырындағы, тарихы тереңде жатқан туған өлкеміз Атырау өңіріндегі жоғары оқу

орындары қызметкерлерін және тікелей Х.Досмұхамедов атындағы Атырау университеті қабырғасында еңбек ететін барша ұжымдастарды кәсіби мерекемізбен құттықтаймын!

Әрқайсыңыздың дендеріңізге саулық, шаңырақтарыңызға шаттық, мол қажыр-қайрат, істеріңізге әркез шалқар шығармашылық шабыт пен толымды табыс тілеймін. Сапалы білім беріп, еліміздің дамуына сүбелі үлес қосатын білікті кадрлар даярлаудағы қызметіміз лайым биік тұғырдан көріне берсін! Мереке құтты болсын!

Саламат ИДРИСОВ,
Х.Досмұхамедов атындағы
Атырау университетінің Басқарма төрағасы – ректор





ERASMUS+ БАҒДАРЛАМАСЫНЫҢ МҮМКІНДІКТЕРІ ТАНЫСТЫРЫЛДЫ

Х.Досмұхамедов атындағы Атырау университетінің басқарма төрағасы-ректор Саламат Идрисов Erasmus+ бағдарламасының Қазақстандағы Ұлттық кеңсесінің үйлестірушісі Лаура Палуанованы қабылдады.

Кездесуде Атырау университетінің аталған бағдарлама аясында атқарылған жұмыс нәтижелері, алдағы жоспарларды жүзеге асыру барысы талқыланды.

Іскерлік кездесу оқытушы-профессорлар құрамы қатысқан кеңейтілген жиынға ұласты. Жиында Лаура Қалабайқызы Erasmus+

бағдарламасының мүмкіндіктерімен таныстырып, өзгерістері мен жаңалықтарын атап өтті. Соның ішінде Erasmus Mundus, Жан Моне жобалары, академиялық ұтқырлық бағдарламалары туралы тоқталып, үміткер қатысушылардың сұрақтарына жауап берді.

Атап өтсек, бұған дейін Erasmus+ бағдарламасы

аясында университетте әр жылдары SusDev, TRUNAK, Creative Spark, TRIGGER атты жобалары өткізілді. Бұл жобалардың барлығы Қазақстанның, Еуропа елдерінің, Орта Азия мемлекеттерінің жоғары оқу орындарымен ынтымақтастық негізінде жүзеге асырылды. Аталған жобалардың топ жетекшілері кездесуге қатысып, жобалардың барысы мен нәтижелері туралы ақпаратпен бөлісіп, университет ішінде бағдарлама аясында ашылған орталықтармен танысты.

ПАРАЛИМПИАДА ҚАТЫСУШЫСЫНА ГРАНТ БЕРІЛДІ

Бүгін Х. Досмұхамедов атындағы Атырау университетінің басқарма-төрағасы, ректоры Саламат Идрисов Парижде өткен жазғы паралимпиада ойындарына қатысқан, университет студенті Гүлбахыт Қайыржанова мен бапкері Нұрберен Әміржановты қабылдады.

Қабылдауда Саламат Идрисов споршыға алғыс білдіріп, университетте тегін білім алуға грант берді.

Өз кезегінде спортшы университет басшысына Париж төрінде өткен сайыста жанкүйер болғаны үшін алғыс білдірді.

Жеңілатлет Гүлбахыт Қайыржанова Парижде өткен паралимпиада ойындарында найза лақтыру (F13 класы) бойынша 34.23 м нәтижесімен бесінші орын алған болатын.



АБДРАХМАНОВ АТЫНДАҒЫ ШӘКІРТАҚЫ ТАБЫСТАЛДЫ

Білікті кадр даярлау – жоғары оқу орны үшін өз алдына маңызды стратегиялық міндет. Ал студенттерді әлеуметтік тұрғыда қолдау, жақсы нәтижелерге ынталандыру – тағы бір басым бағыт болып есептеледі.

Жуырда Х.Досмұхамедов атындағы Атырау университетінің студенті профессор Гинаятолла Абдрахманов атындағы атаулы шәкіртақыны иеленді.

Шәкіртақыны Басқарма төрағасы-ректор С.Идрисов оқуда озат, Гуманитарлық ғылымдар және өнер факультеті, «тарихшы-зерттеуші, гуманитарлық пәндер оқытушысы» білім бағдарламасының 4-курс студенті Аида Амангелдиеваға табыстады.

ДҮБІРЛІ ДОДАДАН ҚОЛАМЕН ОРАЛДЫ

Елордада өткен V Дүниежүзілік көшпенділер ойынында ұлттық құрама сапында атыраулық спортшылар да болды. Солардың бірі – Х.Досмұхамедов атындағы Атырау университетінің студенті, палуан Нұржан Сәрсенғалиев.

Дүбірлі додада қырғыз халқының ұлттық спорты алыш күресінен сынға түскен палуан – Атырау университетінің инновациялық білім беру факультеті, «Дене шынықтыру пәнінің мұғалімі және таңдалған спорт түрлері бойынша жаттықтырушы» мамандығының 3 курс студенті. Қазақстан қоржынына қола медаль салған спортшының бапкері Жеңісхан Еркінғалиевтің айтуынша, белдесулердің қай-қайсысы да оңай болмаған.

«Палуан Нұржанды баптап жүргеніме екі жылдан асты. Көшпенділер ойынына тыңғылықты дайындықпен келдік. Бастысы өз елімізде лайықты өнер

көрсету еді. Алғашқы белдесуде моңғол палуанынан басым түсіп, екінші кезеңде филиппиндік палуанды жеңді. Ең қиын белдесулердің бірі Иран Республикасынан келген спортшымен өтті. Дегенмен, өз күш-жігерінің арқасында Нұржан оның да жауырынын жерге тигізді. Финалға шығар жолдама үшін таласта ғана өзбек палуанына есе жібердік. Қарсыласы да өте тәжірибелі спортшы болатын», – деді бапкер.

70 келі салмақта өнер көрсететін Нұржан Сәрсенғалиев осыған дейін алыш күресінен республика чемпионы, әлем кубогінің қола жүлдегері атанып үлгерген жеңімпаз спортшы.



«SAMSUNG INNOVATION CAMPUS» ЖОБАСЫ ІСКЕ ҚОСЫЛДЫ

Х.Досмұхамедов атындағы Атырау университетінде «Samsung Electronics Central Eurasia» компаниясымен бірлескен, әлемнің бірқатар елінде жүзеге асқан «Samsung Innovation Campus» жобасының тұсау кесер салтанаты өтті. Жаңа жасақталған ІТ орталықтың ашылуына Басқарма төрағасы–ректор Саламат Идрисов пен «Samsung Electronics Central Eurasia» компаниясы Басқарма төрағасының орынбасары Ли Сан-Ву қатысты.

Жобаның мақсаты – қазақстандық студенттер мен оқушыларға ақпараттық технологиялар саласында тегін, сапалы білім беру. Жоба Қазақстанда 2017 жылы бастау алып, бүгінге дейін бірнеше жоғары оқу орнында жұмысын сәтті жүзеге асырып келеді. Университет ректоры жобаның ІТ саласына қызығушылық танытқан студенттер мен оқушыларға мол мүмкіндік беретін атап айтты.

– Бүгінгі ашылып жатқан лаборатория, Самсунг компаниясының Атырау университетіне жасаған үлкен сыйы деп есептейміз. Бұл орталықта студенттерге, облыстағы оқушыларға тұрақты түрде дәрістер, практикалық сабақтар өткізіліп тұратын болады. Бұл жерде біздің магистранттарымыз да жасанды интеллект, программалау тілдері бойынша білім базасын толықтырып, тәжірибе алмаса алады, – деді С.Идрисов.

«Samsung Electronics Central Eurasia» компаниясының қолдауымен ашылған «Samsung Innovation Campus» жобасы – 13 жас пен 25 жас аралығындағы оқушылар мен студенттерге арналған бағдарламалау мектебіне айналады. Білім алушылар орталықтан Python бағдарламалық тілін үйреніп, дата–аналитик сарапшысы болып шығады.



– Біздің курстардың ресми атауы «Python тілінің негіздері» және «BigData негіздері» деп аталады. Бұл қазіргі уақытта әсіресе жас ІТ мамандар арасындағы трендтегі бағдарламалар, қолданыстағы бағыттар деп айтсақ болады. Курс шамамен 5 ай уақыт алады, – дейді Samsung Electronics компаниясының корпоративтік коммуникациялар бөлімінің басшысы Берік Омаров.

Курсты аяқтаған түлектер мықты білім базасынан бөлек, әлемдік брендке айналған Samsung Electronics корпорациясының атынан барлық тиісті сертификаттарға ие болады. Бұл олардың алдағы уақытта ІТ саласындағы әлемдік алпауыт компанияларда қызмет етуіне мүмкіндігін тигізеді.

Қазіргі уақытта жоба аясында Қазақстанда 1 200 ден астам студент пен оқушы білім алып жүр.

«АДАЛДЫҚ САҒАТЫ» ӨТТІ

Х.Досмұхамедов атындағы Атырау университетінің оқытушы–профессорлары мен студенттеріне, Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс–қимыл департаменті басшылығының қатысуымен «Адалдық сағаты» өткізілді.

Іс–шараның мақсаты – жас ұрпақ арасында сыбайлас жемқорлыққа мүлдем төзбеушілікті қалыптастыру және оларға адамгершілік құндылықтарды сіңіру.

Кездесуді университеттің Басқарма басшысы–ректоры Саламат Идрисов алғысөзбен ашып, мейманға өз ризашылығын білдірді. Мемлекет басшысының аса мән беріп отырған мәселесі – сыбайлас жемқорлықпен күрес екенін атап, бұл істердің жүйелі жүргізіліп келе жатқанын айтты.

– Атырау университетінде сыбайлас жемқорлыққа қарсы мәдениетті қалыптастыруға басты назар аударылады. Барлық мамандықтарға «Сыбайлас жемқорлыққа қарсы мәдениет негіздері» пәні өткізіледі. Сонымен қатар, 2021 жылдан бері университетте сыбайлас жемқорлық тәуекелдерінің алдын алу, жол бермеу мақсатындағы комплеанс–офисер қызметі құрылды. Университеттің сыбайлас жемқорлыққа қарсы «ANTICORRUP ASU» бағдарламасы енгізілді, – деді С. Идрисов.

Өз кезегінде Ерұлан Серікқалиев департамент тарапынан атқарылып жатқан жұмыстарға және сыбайлас жемқорлыққа қарсы саясаттың 2022–2026 жылдарға арналған тұжырымдамасына тоқталды. Сонымен қатар, жастар бойында сыбайлас жемқорлыққа қарсы иммунитет қалыптастыруда университеттің маңызы зор екенін атап өтті.

– Білім беру ұйымдары өскелең



ұрпақтың тек білімді әрі тәрбиелі болуына ғана емес, сонымен қатар адал, парасатты әрі саналы азамат ретінде қалыптасуына жұмыс жасайтын болады. Яғни, білімді, тәрбиелі әрі адал ұрпақтан, елінің ертеңін ойлайтын, жемқорлыққа жиіркене қарайтын, елінің дамуына үлес қосатын нағыз патриот тұлға қалыптасатын болады, – деді ведомство басшысы.

Жиын соңында оқытушы–профессорлар мен студенттер өз ойларымен бөлісіп, көкейдегі сұрақтарын қойып, тұшымды жауап алды.



ФРАНЦУЗ ТІЛІ ТЕРЕҢДЕТІП ОҚЫТЫЛАДЫ

Атырау университетінде Қазақстандағы Франция елшілігінің білім саласындағы ынтымақтастық бойынша атташесі Ксавье Торивелек, Сорбонна–Қазақстан институты директоры Анес Бусес, Шарль де Голль атындағы «Мирас» халықаралық мектебінің директоры Вероника Анес–Бродбент және Пуатье университетінің Орталық Азиядағы координаторы Личия Баджинидің қатысуымен онлайн кездесу өтті.



Іс–шараның мақсаты – 2024–2025 оқу жылынан бастап Х.Досмұхамедов университетіндегі «Шет тілі: екі шет тілі» мамандығы студенттері үшін бірінші шетел тілі ретінде француз тілін оқытудың мән–жайын талқылау.

Кездесуде университеттің басқарма төрағасы–ректоры Саламат Идрисов Қазақстандағы Франция елшілігіне француз тілін оқытуда көрсетіп отырған қолдаулары үшін ризашылық білдіріп, бұған дейін университетте екінші шет тілі болып оқытылып келген француз тілінің бірінші шет тілі деңгейінде оқытылуының маңызы жоғары екендігін атап өтті.

Бұдан бөлек, университеттің басқа да студенттері француз тілін оқуға мүмкіндік алды. Ол үшін университет тарапынан тілді меңгеруге барлық мүмкіндік жасалады.

Кездесу барысында француз елшілігінің атташесі Ксавье Торивелек студенттерді жаңа оқу жылымен құттықтап, тіл үйренушілерге елшілік жанынан

әрқашан көмек болатындығын, студенттер мен оқытушыларға Франция университеттерінде тағылымдамалардан өтуге мүмкіндік жасалатынын айтты. Әсіресе экономика, құқық, математика, физика мамандықтары студенттері француз тілін меңгерген жағдайда грантпен оқуға болатындығын да атап өтті.

Қазақстандағы Франция елшісі Сильван Гиогенің сөзінше, француз тілін үйренушілерді қажетті оқулықтармен қамтамасыз ету мақсатында жақын арада оқулықтар жеткізілмек.

Одан бөлек, жиында Пуатье университетінің Орталық Азия университетінің координаторы Личия Баджини, Сорбонна–Қазақстан институтының директоры Анес Бусес, Назарбаев зияткерлік мектебінің директоры Ерғали Бижанов өз пікірлерін білдірді. Шарль де Голль атындағы «Мирас» халықаралық мектебінің директоры Вероника Анес–Бродбент видео құттықтауын жолдады.



28 ҚЫРКҮЙЕК – АТОМ САЛАСЫ ҚЫЗМЕТКЕРЛЕРІНІҢ КҮНІ

АТОМ ЭЛЕКТР СТАНЦИЯСЫ: ҒЫЛЫМИ ТҰЖЫРЫМ, ЖАН-ЖАҚТЫ КӨЗҚАРАС

Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев 2024 жылдың 2 қыркүйегіндегі «Әділетті Қазақстан: заң мен тәртіп, экономикалық өсім, қоғамдық оптимизм» атты Қазақстан халқына Жолдауында 6 қазан күні атом электр станциясын салу мәселесіне қатысты жалпыұлттық референдум өткізу туралы Жарлыққа қол қойғаны белгілі. Бұл аралықта республиканың әр аймағында «АЭС бізге қажет пе?» деген сауал аясында жан-жақты тұжырымдар айтылып, халықпен түсіндірме жұмыстары жүргізілуде.

Ал Атырау облысында басты талқылау орталығы, ауқымды диалог алаңы ретінде аймақтағы педагогика және ғылым саласына кадрлар даярлайтын бірден бір жоғары оқу орны – Х.Досмұхамедов атындағы Атырау университетінің профессор-оқытушылар құрамы бұл жұмысқа белсене атсалысуда.

Осы бағытта университет қабырғасында негізгі іс-шаралардың бірі – «Жасыл энергетиканы дамытудағы атом технологияларының рөлі» атты сарапшылар талқылауы ұйымдастырылды.

Жиында бірінші болып модератор ретінде Х.Досмұхамедов атындағы Атырау университетінің Басқарма төрағасы-ректор Саламат Идрисов сөз алып, Үкімет сарапшылары ядролық энергия көмірмен жұмыс істейтін станциялармен



Сондай-ақ, халық арасындағы АЭС-ты қолдану арқылы көптеген зиянды қалдықтар пайда болады деген түсінікке жауап ретінде энергетик, атом саласының маманы Алмас Әбілдаевтың: «Егер біз Өскеменде шығып жатқан 4,5 грамдық таблетканы АЭС-ке пайдалансақ, белгілі бір уақыттан кейін, әрине, оның қуаты бітеді және станция оны кері металлургия зауытына өткізеді. Зауыт оны қабылдаған кезде сыртқы қабығын алып қана залалсыздандырып, таблетканы қайта қуаттап, жаңа қабық кигізіп, қайтадан станцияға жібереді.

Ал қабықтың өзін залалсыздандыру бұрынғыдай жерге көму немесе өртеу емес, тиімді химиялық сұйықтықты пайдалану арқылы жүзеге асырылады. Бұны бір сөзбен контурлық процесс деп атайды» деген ғылыми тұжырымын дәйек қып келтіре кетті.

Сөз соңында, атом электр станциясы Алматы облысы, Үлкен ауылында салынған жағдайда Балқаш көлі суына зияны тимей ме деген мәселеге де өз пікірін жасырып қалмай:

«Күні бүгін ресми ақпарат бойынша, Үлкен ауы-

салыстырғанда таза қуат көзі деп мәлімдегенін мысалға келтіріп, еліміздің алдағы онжылдықта энергетикалық тәуелділігін және энергетика нарығындағы дағдарысты болдырмау үшін нақты қадамдар жасалып жатқанын тілге тиек етті.

«Осы факторлардың арқасында жаңартылатын энергия көздері секторы дамып келеді. Алайда баламалы энергия көздері тұрақсыз болғандықтан, оларды энергияның негізгі көзі ретінде қарастыруға болмайды деп ойлаймын. Өйткені күн және жел электр станциялары ауа райы жағдайына тікелей тәуелді», – деді Саламат Нұрмұқанұлы.

Сарапшылардан ең әуелі университеттің Математика және математиканы оқыту әдістемесі кафедрасының профессоры, физика-математика ғылымдарының докторы Бекет Зинешұлы Кенжеғұлов сөз сөйлеп, атом электр станциясының бейбіт өмірдегі тиімділігіне қатысты тоқталды. Экологиялық және экономикалық факторларды қоса өрбіткен ол «Экология және жасыл экономика тұрғысынан алсақ, «Қазақстан атом электр станциялары» АҚ бас директоры Тимур Жантикин АЭС ауаға бір жылда 20 млн тонна қалдық шығармауға септігін тигізеді деп отыр. Өз кезегінде 1 кг уранды жаққандағы электр қуатының күші 100 тонна көмір немесе 60 тонна мұнай жаққандағы қуатпен тең. Енді екеуінің салыстырмалы түрде қайсысы ауаға қаншалықты көбірек зиянды шығарындылар жіберетінін ойша есептеп алсаңыз болады. Ал экономистер егер атом энергетикасын тұтыну 1%-ға өссе, жалпы ішкі өнім 0,32 %-ға артатынын алға тартады» деді.

Әрмен қарай ғалым уранды өндегеннен кейін пайда болатын таблеткалар жөнінде «Аталмыш таблеткалар 60 жылға жуық уақыттан бері Өскемен қаласындағы Үлбі металлургиялық зауытында французлық технологиямен шығып жатыр және оны экономикасы жоғары деңгейде дамыған үлкен держава – Қытай Халық Республикасының өзі сатып алып, тұтынып отыр. Бұл біздің өнімнің сапасынан



хабар береді. Мәселен, 4,5 г таблетканың беретін қуаты – 350 кг мұнай немесе 400 кг көмірдің қуатын алмастыра алады» деп айтып өтті.

лында әрқайсының қуаты 1200–1400 мегаватт болатын екі реактор салынуы мүмкін және болашақ реакторларды салуға Ресейдің, Францияның,

Қазір әлемде энергия тапшылығы күшейіп барады. Елімізге сенімді және экологиялық таза қуат көздері аса қажет. Сондықтан біз атом энергетикасын дамытуға баса мән беруіміз керек деп ойлаймын.

Себебі экономикамыз күн өткен сайын мол энергияны қажет етуде. Мұндай сұранысты атом энергетикасы қамтамасыз ете алады. Қазір дамыған және дамушы 30 мемлекетте 200-ге жуық атом электр станциясы жұмыс істеп тұр. Қазақстанның да экономикасы күн өткен сайын мол энергияны қажет етеді. Мұндай сұранысты атом энергетикасы қамтамасыз ете алады.

ҚР Президенті Қ.Тоқаев

Алдағы референдум кең ауқымды жалпыұлттық диалогтың тағы бір айқын көрінісі болмақ. Шын мәнінде, бұл – «Халық үніне құлақ асатын мемлекет-ке» тән сипат. Біз осындай қадамдар арқылы жаңа қоғамдық-саяси мәдениеттің негізін қалаймыз. Маңызды мемлекеттік шешімдер қабылдаудың жаңа үлгісін жасаймыз.

ҚР Президенті Қ.Тоқаев

Қытайдың және Оңтүстік Кореяның компания-лары мүдделі деген болжам айтылып келеді. Бұған дейін әлемдік тәжірибеде Беларусь мемлекеті 2400 МВт-тық АЭС салды. Ол жақта АЭС-ті салқындатуға жылына 63 млн. текше метр су жұмсалады екен. Бұл – ғалымдардың сөзінше, Балқаш бассейнінің бір жылда күн көзімен булануының 0,33%-ын ғана құрайтын көрінеді.

Тағы бір қоса кететіні – АЭС салу жылу электр комбинаттары немесе көмір, газ, күн, желден алатын электр қуатынан толығымен бас тарту дегенді білдірмейді» деп тұтас алғанда АЭС салуды қолдайтындығын жеткізді.

«Атом электр станцияларын пайдаланудың оң аспектілері». Келесі ғалым – Х.Досмухамедов атындағы Атырау университетінің Экология және бионанотехнологиялар ғылыми-зерттеу институты, «Каспий» қоршаған ортаны кешенді зерттеу және мониторинг зертханасының меңгерушісі, география ғылымдарының кандидаты Махамбет Құдайбергенұлы Жексеновтың баяндамасы осы тақырыпқа арналды. Ол өз сараптамасында:

«АЭС-тің басты пайдасы не? Басқа энергия көздерінен артықшылығы қандай» деген сұраққа былай жауап берер едім. Қазақстан уран өндіру бойынша дүние жүзінде көшбасшы. Сондықтан біз атом энергиясының экологиялық таза және қауіпсіз түрін игеруге міндеттіміз.

Атом электр станциялары жаһандық жылыну мен климаттың өзгеруінің негізгі себептері – көмірқышқыл газын, метанды және басқа да парниктік газдарды ауа бассейніне шығармайды. Демек, оларды шығарындыларды азайту және декарбонизация мақсаттарына жету үшін күресте маңызды құралға айналдыра аламыз.

Оның көмір электр станцияларынан

Стратегиялық жоспарларды қоғамда кеңінен талқылау керек деп санаймын. Ел өміріндегі әрбір маңызды қадам жұртшылықпен бірлесіп жасалуға тиіс. Атом электр станциясы туралы референдумға қатысты да дәл солай болуы керек. Былтыр мен бұл мәселе бойынша өз пікірімді айттым, яғни, референдум тақырыбының қоғам талқысына түскеніне бір жыл болды. Бұл азаматтарымыздың жан-жақты ойланып, салмақты шешім қабылдауына жеткілікті мерзім деп ойлаймын. Сондықтан мен Үкіметтің ұсынысын қолдаймын.


ҚР Президенті Қ.Тоқаев

айырмашылығы – күкірт пен азот оксидтерін, қатты қалдық бөлшектерді, ауаға тарайтын ластаушы заттарды шығармайды және кейбір өнеркәсіптік кәсіпорындар мен жылу электр станцияларына қарағанда су қоймаларына зиянды заттарды тастамайды, төкпейді. Өз кезегінде жаңартылатын энергия көздері барлық артықшылықтарына қарамастан, жел мен күннің мерзімді болмауына, жұмысының болжамсыздығына байланысты тұрақты және негізгі генерация көзі ретінде әрекет ете алмайды» деп келтірді.

Және бір маңызды мәселеге тоқталып, «Соңғы 10 жылда еліміздің жоғары оқу орындарында 2193 бакалавр, 909 магистр, 135 доктор атом саласына маман-

данды. Жалпы, республикамызда атом отынымен, ғылыми-зерттеу және тәжірибелік-конструкторлық жұмыстармен, радиоизотоптарды өндірумен, қолданбалы зерттеулермен айналысатын Үлбі металлургиялық зауыты, Алматыда ядролық физика институты, Ақтауда МАЭК, Қурчатовта Ұлттық ядролық орталық, Батыс Қазақстанда жылдам нейтрондар реакторы сияқты мекемелер, құрылымдар бар. Бұл – біздің атом саласын білікті кәсіби кадрлармен қамтамасыз етудегі жоғары потенциалымызды көрсетеді» деген оймен сөзін түйіндеді.

Өз кезегінде Физика және техникалық пәндер кафедрасының қауымдастырылған профессоры, химия ғылымдарының кандидаты Ардақ



ӘРКІМНІҢ ДАУЫСЫ МАҢЫЗДЫ!

6 қазан
Октябрь

РЕСПУБЛИКАЛЫҚ РЕФЕРЕНДУМ

«Сіз Қазақстанда атом электр станциясын салуға келісесіз бе?»

мәселесі бойынша

Референдум азаматтардың ерікті қатысуы, еркін ашық білдіруі, сондай-ақ жалпыға бірдей, тең, төте және жасырын дауыс беру қағидаттары бойынша өткізіледі

Қазақстан Республикасының Орталық референдум комиссиясы

АТОМ САЛАСЫНА МАМАНДАР ДАЯРЛАЙТЫН ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ ЖОҒАРЫ ОҚУ ОРЫНДАРЫ						
Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті (Алматы)						
Л. Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті (Астана)						
С. Аманжолов атындағы Шығыс Қазақстан мемлекеттік университеті (Өскемен)						
Д.Серікбаев атындағы Шығыс Қазақстан техникалық университеті (Өскемен)						
Мамандықтар: «Ядролық физика», «Ядролық энергияға арналған материалдар», «Ядролық физика және атом энергетикасы»						
Биылғы студенттер контингенті: 253 адам. 2011 жылдан 2023 жылға дейін бітіріп шықты: 1649 адам.						

Бүгінгі таңда Қазақстан табиғи ресурстар мен қоршаған ортаның нашарлауы бойынша келесідей проблемалармен бетпе-бет келіп отыр:

- 2030 жылға қарай экономиканың қажеттілігін қанағаттандыру үшін 13-14 млрд м3 су ресурстарының тапшылығы күтілуде.
- Энергетика министрлігінің есебіне сәйкес, 2030 жылға қарай 6,2 ГВт электр энергиясы тапшылығы болуы ықтимал.
- Ауылшаруашылық жерлерінің үштен біріне жуығы деградацияға ұшыраған және 10 миллион гектардан астам әлеуетті егістік алқабы бос жатыр. Жел мен су эрозиясына ұшыраудың елеулі қаупі төніп тұр.

Ғанибайқызы Амангосова АЭС электр энергиясының баламалы көзі ретінде жаңа мүмкіндіктер беретініне назар аударды.

«Күні бүгін Қазақстанның өндірістік орындарындағы жаңартылатын энергия көзі 6%-дан аспайды. Соның ішінде, бізде күн энергиясы бойынша 46, жел энергиясы бойынша 59 нысан және 40 гидроэнергия станциясы бар. Енді осыдан АЭС неге күн немесе жел энергиясынан пайдалырақ деген сұрақты алып қарастырсақ, күн батареяларынан – 18%, желден – 35%, ал АЭС-тен 90%-ға дейін электр қуатын алуымызға болады.

Сәйкесінше, жеріміз соншалық үлкен болғанымен, күн және жел энергиясымен шектелуді құптамаймын. Біріншіден, ауыл шаруашылығын дамыту мақсатында мұнай өндірілген жерлер эрозиясын жоюға мән беруіміз керек деп есептеймін. Екіншіден, мысалы шартты түрде 28 860 шаршы метр жерге күн батареяларын орналастырсақ, оның асты көлеңке болады да, флора мен фаунаның күйі нашарлайды» деді А.Ғанибайқызы.

Келесі баяндамашы – академиялық мәселелер жөніндегі проректор Асхат Ералыұлы Чукуров «Атом электр станциясын салу: халықаралық тәжірибе» тақырыбында әңгіме өрбітті.

«АЭС-ке қатысты шешім шығарар алдында не нәрсеге көңіл бөлуіміз керек? Халықаралық тәжірибеге сүйенсек, әлемнің 32 елінде АЭС бар. Осы мемлекеттер әлемдегі тауар айналымының 70%-ын құрайды.

Басқасын айтпағанда, алпауыт АҚШ-ты алсақ, бастапқыда олардың 70% халқы қарсы болған. Кейін әлеуметтік зерттеулер жүргізіп, соның нәтижесінде әлгі азаматтардың 53%-ы егде жастағы кісілер екені анықталады. Олардан «Не себепті АЭС-ке қарсысыз?» деп сұрағанда, көпшілігі АЭС-ті «құбыжық» етіп көрсететін кинокартиналарды және тарихта болған үш атомдық апатты мысалға келтіретін көрінеді» деп бір ғана АҚШ тәжірибесіне сүйене отырып АЭС салу мәселесінде көп «инсайттарды» алуға болады деген көзқарасын білдірді.

Сол инсайттардың бірі ретінде Америкада ең бірінші мектеп оқушыларына Game Development – АЭС пен оның бөлшектерін құрастыруға арналған түрлі ойындар ойлап тапқандығын және осы іс-тәжірибені енгізуді университеттің IT кафедрасы оқытушыларына ұсыныс ретінде айтты. Бұл арқылы болашақ білікті ядролық физика, ядролық энергия және атом энергетикасы мамандарын даярлауға болады деген сенім білдірді.

Өмірбек КЕНЖЕАХМЕТОВ



КӨРНЕКТІ ҒАЛЫМ, ПРОФЕССОР ҒАРИФОЛЛА ӘНЕСТІҢ САУАПТЫ ІСТЕРІ

Құрметті әріптестер! Мен бұл мақаланы 2024 жылдың 30 мамырында күні кеше сұм ажал арамыздан алып кеткен қазақтың аса көрнекті алаштанушы ғалымы, профессор Ғарифолла Әнес басқаратын «Арыс» қорының ұйымдастырумен Жаңалық ауылында орналасқан саяси қуғын-сүргін құрбандарының Алматы облыстық музейінде өткен «Шерлі тарих: ХХ ғасырдың І жартысындағы қуғын-сүргін сабақтары» атты халықаралық конференцияға қатысып келгеннен кейін сол іс-шарада көрген білгендерімді және Ғарекеннің жанқиярлық еңбегін паш ету үшін жазған едім.

Бұл кісінің қуғын-сүргін құрбандарын есте қалдыру бағытында жүзеге асырған 30 жылдық еңбегін сөзбен айтып жеткізу мүмкін емес. Десек те біздің әріптестеріміз бен студент жастарымыз жарқын жерлесіміздің еңбегімен таныссын деген мақсатта осы мәліметтерді ұсынып отырмын. Басқасын былай қойғанда, Ғарифолла Әнес Қазақстанда тұңғыш рет саяси қуғын-сүргін құрбандарына арналған музей, мемориал және «Алаш арыстары» атты мешіт ашты. Ғалымның осыншама еңбегіне тәнті болғандықтан, біз университет ректоры С.Н. Идрисовпен ақылдасып, ол кісіні облыстық мәслихатқа Атырау облысының Құрметті азаматы атағына ұсынған едік. Өкінішке орай, үлгере алмадық.

Тілші-ғалым, алаштанушы, публицист, баспагер, филология ғылымдарының докторы Ғарифолла Қабдолқайырұлы Әнес 1957 жылы 26 тамызда Атырау облысы, Құрманғазы ауданы, Балқұдық ауылында дүниеге келіп, 1974 жылы орта мектепті тәмамдаған. 1974–1979 жылдары С.М. Киров атындағы Қазақ мемлекеттік университетінің филология факультетін бітірген. 1984–1987 жылдары Қазақ ССР Ғылым академиясының Тіл білімі институтының аспирантурасында оқыған. ҰҒА-ның А.Байтұрсынұлы атындағы Тіл білімі институтының жетекші ғылыми қызметкері, Саяси қуғын-сүргін құрбандар музейінің (Жаңалық ауылындағы) меңгерушісі, 1992 жылдан «Репрессияға ұшыраған Қазақстан зиялыларының мұрасын зерттейтін «Арыс» қорының және «Арыс» баспасының құрылтайшы-президенті, 2013 жылдан «Қазақстан тарихи-ағарту <Әділет>» қоғамының» төрағалығын қоса атқарды. Халықаралық «Қазақ тілі» қоғамының вице-президенті, «Ана тілі» газетінің қоғамдық негіздегі кеңесшісі болып еңбек етті. Ерен еңбегі үшін «Құрмет» «Парасат» ордендерің иегері атанып, бірнеше мерекелік медальдармен марапатталған.

Алаш арыстарының мұрасын табу, зерттеу және жариялау ісіне өз үлесін тұрақты қосып келеді. А.Байтұрсынұлы, Қ. Жұбанов және Х.Досмұхамедұлы еңбектерін құрастырып, алғысөз,соңғысөздерін жазып, бірнеше рет «Алаш. Алашорда» энциклопедиясын жарыққа шығарды (2009), 7 том «Қазақ» газеті (1913 – 1918) мен 7 том «Айқап» журналдарының



(1911–1915) толық корпусын жасап, «Сарыарқа» (1917–1919) газетін тауып, жинастырып, ХХ ғасыр басында жарыққа шыққан көптеген журналдарды араб қарпінен қазіргі жазу үлгісіне көшіріп, ондаған том басылымдар дайындады. Бүгінгі таңда 100 томнан тұратын «Алаш – 100» мегажобасы жүзеге асырылуда. Заңғар жазушы Ә. Кекілбайұлының өмірі мен шығармашылығына арналған «Алпысыншы жылдықтар» атты үш томдық энциклопедиясын жарыққа шығарды. Ғарифолла Әнес ұйымдастырған Жаңалық ауылында орналасқан саяси қуғын-сүргін құрбандары музейі ондаған жылдар бойы жазықсыз қазаға ұшыраған боздақтарды еске алу шараларын әрбір жылдың 30–31 мамырында өткізуді дәстүрге айналдырыпты.

Биыл да сол дәстүр бойынша 30 мамыр күні музейдің конференц залында «Шерлі тарих: ХХ ғасырдың І жартысындағы қуғын-сүргін сабақтары» атты халықаралық конференция, 31 күні саяси қуғын-сүргін құрбандарына арналған мемориалда қаралы митинг өткізілді. Конференцияға ҚР белгілі тарихшы ғалымдары, Өзбекстан Республикасынан тарих ғылымдарының докторы, профессор, Мемлекеттік саяси қуғын-сүргін құрбандары Музейінің директоры Бақтиер Хасанов, Қырғызстан республикасы Ош өңірлік мұрағат қызметі басқармасы бастығының орынбасары Нұрғазы Әлімбаев, ф.ғ.д. Тынысбек Қоңыратбай, Астаналық қоғам қайраткері, с.ғ.д. Әбдіжәлел Бәкір, қоғам қайраткері, меценат Жауғашты Нәбиев, сонымен қатар саяси қуғын-сүргінге ұшырап қаза болған тұлғалардың ұрпақтары Сәуле Қожықова, Шолпан Аманжолова және басқалар қатысты.

Конференцияға қатысушыларға музейдің экспозициялары таныстырылды. Халықаралық конференция Ғ.Әнестің баяндамасынан кейін «Арыс» қоры осы

маңызды шараға арнайы басып дайындаған 20 кітаптың тұсау кесу шарасымен жалғасты. Ең әуелі кітап авторлары Қорқыт ата атындағы Қызылорда университетінің профессоры, «Мұстафа Шоқай» Ғылыми орталығының жетекшісі, с.ғ.д. Ә. Бәкірдің «Мұстафа Шоқай», Х.Досмұхамедов атындағы Атырау университетінің қауымдастырылған профессоры Ш.Нағимовтың «Қасіретті жылдар шежіресі», Түркістандық ф.ғ.д. Т. Қоңыратбайдың «Қоңыратбаевтар әулеті», Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университетінің тарих факультетінің деканы Д.Байғунаковтың қысқаша баяндамалары тыңдалғаннан кейін аталған авторлардың кітаптарының тұсау кесу шаралары өткізіліп, конференцияға қатысушы көрермендерге үлестіріліп берілді.

Бұлардан бөлек, өте маңызды баяндамаларымен «Есік» мемлекеттік тарихи-мәдени қорық-музейінің директоры Гүлмира Райлқызы, саяси қуғын-сүргін құрбандарының ұрпақтары Сәуле Қожықова мен Шолпан Аманжолова жұртшылықпен бөлісті. Жаңалық ауылында саяси қуғын-сүргін құрбандарын мәңгі есте қалдыру мақсатында арнайы кешен құрылысына мұрындық бола отырып аса маңызды мұражай, мемориал және «Арыс» қорының қаржысына «Алаш арыстары» мешітін тұрғызған қоғам қайраткері, ф.ғ.д. Ғарифолла Әнестің ерекше еңбегін айрықша атаған ләзім. «Саяси қуғын-сүргін құрбандары» музейінің ғылыми қызметкері, филология ғылымдарының докторы, профессор Ғарифолла Әнес 2021 жылы ҚР президенті Қ.К.Тоқаевтың Жарлығымен құрылған мемлекеттік комиссияның мүшесі ретінде үш жыл бойы Алматы және Жетісу облыстарында осы комиссияның жұмысын үйлестірушілердің бірі болды. Оның басшылығымен «Жетісудың шерлі тарихы» атты авторлық ғылыми-экспедициялық жоба дайындалып, ол Алматы облысының әкімдігінен қолдау тауыпты. Жобаны жүзеге асыру барысында Алматы облысы бойынша саяси қуғын-сүргін мен ашаршылық, тәркілеу мен босқыншылық, шаруалар көтерілістері мен депортация құрбандары анықталып, көптеген жинақтар шығарылыпты.

Ғ.Әнес басшылық ететін «Арыс» қоры соңғы жиырма жылдың ішінде Мұстафа Шоқайдың 12 томдық жинағын, Солтүстік Қазақстан, Батыс Қазақстан, Жетісу облыстарының энциклопедиясын шығаруға қол жеткізіпті. Ең бастысы, Ғарифолла Әнес өз ықтиярымен Өзбекстан, Қырғызстан республикалары ғалымдарымен саяси қуғын-сүргін құрбандарын бірігіп зерттеуді ұйымдастыру мәселесін шешіп, қазір аталған елдермен осы бағытта ғылыми жұмыстардың нәтижелеріне конференцияның жұмысы барысында куә болдық.

Шахман НАҒЫМҰЛЫ,
Каспий маңы Академиясының академигі

ТАРИХТЫ ТАҒЫЛЫМ ТҰТҚАН

Алтыншы сыныпта жүріп-ақ ауыл тілшісі атанған балаға тұңғыш рет аудандық газетке басылған «Анама» атты шағын өлеңі, қиялына қанат бітірді. Ол мұнан кейін де ауылдағы жылт еткен жаңалық атаулыны жазып, қысқа хабар, корреспонденция жазуды әдетке айналдыра бастады. Тоғызыншы сыныпта жүргенде Алматыдан публицист, ақын Әбу Сәрсенбаевтың шығармашылық сапармен келіп, оқушылармен кездескен сәті оның журналист болсам деген бала арманына бойлай түсіп, тереңдеп енуіне себепкер болды.

Қайткен күнде де Алматы қаласына барып білім алуға деген құштарлығын қамшылай түскен еді. Әкесі қашан да ұлының өзі сияқты сайын да лада аттың құлағында ойнап, бабы мен бағын келтіре білетін ұлының құрықты иеленетін ізбасарым болса деп үміттенген... Қасиетті жануардың тілін тауып, ұғынысатын, жалды жануардың мінез-құлқын бір кісідей меңгергеніне де шәк келтірмейтін. Әкесін қасы мен қабағынан түсінген ізетті ұл да әкесі осы кәсіпті меңзегенде, іштей өз арманымен үнсіз тілдескендей кейіп танытып, үндемей қалатын. Кейін мектепті аяқтап, өзінің аялаған асыл мұратына жету мақсатында оқуға аттанды.

Өтепберген Әлімгерейұлы Құрманғазы ауданындағы Жиделі елді мекенінде дүние есігін ашты. Абай атындағы Қазақ педагогика институтының филология факультетін 1972 жылы тәмамдады. Маңғыстау облысының Бейнеу ауданында еңбек жолын мектеп мұғалімінен бастаған. Кейін облыстық «Атырау» газетіне 1973 жылдың мамырында арнайы шақыртумен келді. Алматы Жоғары партия мектебін бітірді. 1990 жылдан бері Атырау телерадио компаниясында Бас редактор бол жұмыс істеді. Қаламынан шыққан шығармашылық дүниелері 1966 жылдан бері баспасөз беттерінде жарияланып тұрды. «Күй – күмбез», «Асау Тұрлан» атты әдеби публицистикалық кітаптардың авторы. Әсіресе, Мұхамбет, Асан Қайғы, Жиренше шешен, Мұрат, Бала Ораз, Мақаш әкім туралы жазған зерттеу еңбектері өз алдына бөлек-бөлек құнды дүниелер.

Қазақстан Журналистер одағы мен Орталық табиғат қорғау қоғамы сыйлығын үш дүркін иеленді. Сондай-ақ, Атырау облысы әкімі белгілеген Махамбет атындағы республикалық сыйлықтың (1996) лауреаты. «Егемен



Қазақстан» газеті (1987) мен «Ара» журналы (1980, 1981) конкурстарының жүлдегері атанды. Өтепберген Әлімгерейұлы ұзақ жылдар бойы қаламы жүйрік шебер журналист ретінде облыс жұртшылығына танылды. Облыстың газет бетінде Өтепберген Әлімгерейұлы ұйымдастырған мазмұнды беттер, терең мағыналы очерктер, әдеби шығармалар халық назарын аударып отырды. Қарымды қаламгер жұмыс бабында облыстың түкпір-түкпірін тілші ретінде аралап көріп, біліп, талай жетістіктер мен проблемалардың куәгері болды. Осы көрген жайлардың бәрін көлемді материалға айналдырып жазып, облыс басшыларының назарына ұсынып отырумен бірге, оқырмандарға ой сала білді.

Өтепберген аға өзінің жазу өнеріндегі негізгі бас тақырыбын тарих қойнауынан сыр тарқатудан тапты. Ресейдің Астрахань қаласындағы мұрағат қорын ақтарып, біраз дүниелерге қанықты. Теңіз, Азғыр, Нарын, Орда, Еділ, Жайық өңірлерін аралап, қазақтың қайраткер ұлы, ағартушы, қаламгер, әкім Мақаш Бекмұхамбетов туралы деректер жинастырды. Баспасөз беттерінде шыққан, ел аузында жүрген еңбектерін, шешендік сөздерін түгендеп, бір ізге салды. Нәтижесінде, «Мақаш әкім» атты кітап дүниеге келді. Суранысқа орай және жаңадан жаңғыртылып, толықтырылып, кейін орталық баспа-лардан тағы екі рет шықты. Халықтың сүйіп оқытын құнды дүниесіне айналды.

Кейіпкеріміз кейін жол бағытын Қызылқоға аймағына бұрды. Небір та-

рихи тұлғаларға бай аудан. Қаймағы бұзылмаған шежірелерге құныға түсіп, тылсым сырларын ашуға жұмыстанды. Алтын орданың астанасы атанған ежелгі Сарайшық қаласының орнына, мұражайына соғып, табылған жәдігерлерді анықтап, олардағы бүккен құпияларды ашуға белсене кірісті. Облыстық «Атырау» газетінде бөлім меңгерушісі, жауапты хатшы, республикалық «Қазақстан» теле-радио корпорациясының Атырау облыстық филиалында бас редактор, төрағаның орынбасары қызметтерінде істеген, арасында Алматы Жоғары партия мектебінде оқыған жылдарында да тарихи тақырыптардан алыстамай, көңіл көкжиегінде ұстап қалам тербеуден жалықпады.

Ол 2002–2011 жылдар аралығында Х.Досмұхамедов атындағы Атырау мемлекеттік университеті Гуманитарлық факультетінің журналистика кафедрасында доцент болып қызмет атқарды. Болашақ журналистерге өз тәжірибісінен сыр тарта отырып, асықпай, жәймен мамандықтың қыр-сырын әңгімелей отырып түсіндіруге шебер. Студенттер де әдеттегі дәрістен гөрі қарапайым баяндауды жандары сүйіп тыңдауға құлшынып-ақтұратын... Жүзінде тұр жылылық, Көрген емес құбылып, Ұстанымы – ұлағат, Ұйғарымы – ұлылық. (Журналистік фольклордан). Осы бір жолдар ұстаз ұлағатын артық кемсіз ұқтырғандай-ақ. Студенттер үшін әр сабағы өлке тарихына тұнған сапар болатын.

Ұстазы жайында сөз қозғап, естелік айтқан журналист Эльмира Ғилажева: «Бізге Өтепберген ағай Телерадиожурналистика, Тікелей эфир ерекшелігі курстарынан даріс оқыды. Ағайдың телеарна саласындағы ұзақ жылдар бойғы тәжірибесі нағыз азық болды. «Сендер, сөз майданының ортасында жүргендіктен нағыз өткір тілді, ұшқыр ойлы болуларың керек. Әр сөздеріңді нақты дәлел мен фактімен сөйлеп, ой мен сөз шеберлігін қатар алып жүрулерің қажет. Әркім өзіне лайық стилін табуы маңызды. Сол себепті әрбір журналист зеректігімен ерекшеленсе, нұр үстіне нұр», – дейтін. Дәрісті әзілмен бастайды. Ол кісінің аузынан шыққан әрбір сөзі жадымызда жатталып қалатын. Нағыз практик қой, тәжірибіесінен көп үйрендік. Сұхбат алудың қыр-сырын, өзіңді сұхбаттасушының алдында қалай

ұстау керек... Міне, осындай журналистке қажетті қасиеттер мен дағдылар жайында біздің көкейімізге тайға таңба басқандай қалдырды» деп түйіндейді ойын.

Өтепберген Әлімгерейұлын өмір бойы алғасүйреген, бірмезетте дамылдатпаған, адами бар тыныштығын, мігірін халыққа қызмет ету, тарих тағылымынан сыр тарқатып, оқырманына ұсыну сияқты қастерлі іске айырбастатқан оның қажымас рухы болса керек.

Халық батыры, би, шешен Сырым Датұлының соңғы демі үзілген жер – Өзбекстанның Үргеніш қаласының іргесіндегі Ғайыпбаба қорымы екенін мәлімдеген де Өтепберген ағамыз еді. Ол телеоператор Серік Бахметов екеуі Сырымның бейітін бейнетаспаға түсірді, қалай көнекөз қариялармен тілдесіп, деректі телехабар жасады. Шешендік сөздерін жинақтап, жеке кітап етіп бастырды. Оның қаламынан шыққан дүниелер қай саланы алсақ та көкейге қуаныш ұялатады.

Күйші-домбырашыларға да, атыраулық аналарға да өз алдына бөлек-бөлек кітап арнады. Алаштың ардақтылары туралы да кітабы дүниеге келді. Осыншама көл-көсір еңбек «Асау Тұрлан», «Құныскерей», «Алақай батыр», «Дала дауысы», «Сарайшық», «Күй-күмбез», «Бәрі де Алаш үшін», «Аналар – асыл жандар», «Үстірт пен Үйшік, Азау арасы», «Айналайын атажұрт» және басқа да кітаптар арқылы қалың оқырманға жетті, тарих болып хатталды. Оның сыртында Ұлы Жеңістің 60 жылдығына орай өткізілген телефильмдердің халықаралық фестивалінде екінші орын алған «Тағдыр» атты телефильмін (сценарийін Ә. Баєтовамен бірігіп жазған) қосыңыз. Көрермендердің көзайымына айналған көркем дүние екендігіне сөз жоқ..

Осындай артында мол рухани дүние қалдырған республикаға белгілі қаламгер, жазушы, ұлағатты ұстаз Өтепберген Әлімгерейұлы өмірден өтті... Әрдайым ақжарқын қалпымен жұмысына адал болды. Қош болыңыз, қарымды қаламгер аға!

Ләззат МАЖИТОВА,
Гуманитарлық ғылымдар және өнер факультеті,
Журналистика және қоғаммен байланыс кафедрасының аға оқытушысы

ҰСТАЗ ҰСТАНЫМЫ ҚАЛАЙ ҚАЛЫПТАСАДЫ?

«Мектептің тірегі де, жүрегі де – ұстаз»
(Мағжан Жұмабаев)

«Білімнің сапасы, онда істейтін мұғалімдердің сапасынан жоғары бола алмайды»
(Майкл Барбер)

Әлемдік тәжірибеде қалыптасқан мынандай тұжырымдама бар. Озық елдер өздерінің білім саласындағы жетістікке жетуді негізгі үш міндетпен байланыстырады. Олар:

- ұстаздардан әрбір балаға тең дәрежеде көңіл бөлуді талап ету;
- педагогикалық кадр құрамының кәсіби деңгейінің жоғары сапасын үнемі бабында ұстау;
- мұғалімдік қызметке барынша да-рынды жандардың тартылуына көңіл бөлу.

Өкінішке орай, педагогикалық бағыттағы жоғары оқу орындарына білім деңгейі орташа оқушылар ба-рады. Ал, әлемдік тәжірибеге назар аударсақ, мысалы Оңтүстік Кореяда үздік мектеп бітірушілердің 5 пайызы, Финляндияда 10 пайызы, Сингапур мен Гонконгта 30 пайызы мұғалімдік мамандықты таңдайды.

Бізге де осынау ұстанымдарды әркез есепке алу артықтық етпейді. Өйткені, білім игеру – айтуға оңай болғанмен, жай міндет емес. Шешімі жан-жақты әрі жүйелі жұмыстың нәтижесіне бай-ланысты.

Бұл ретте, барлық үміт – ұстаз бойындағы міндетте. Ұстаз – ұлағатты атау. Алтын ұя мектептің жаны да, ары да – мұғалім. Өнегелі ұстаздан өрелі шәкірт шығатыны белгілі. Себебі, ұстаз қаншалықты қабілетті болса, оқушы да соншалықты талапты болмақ.

Ұрпақтың жұлдызын жағып, мәртебесін биіктететін де, тағылымын қалыптастырып, танымын кеңейтетін де осы ұстаным.

2021 жылы білім беруді дамытудың жаңа кезеңі басталды. Мемлекет бас-шысы Қазақстанды әлемдік деңгейдегі білім орталығына айналдыру ту-ралы биік мақсат қойды. Білім беруді дамытудың мемлекеттік бағдарламасы қабылданды. Биылғы оқу жылының және алдағы онжылдықтың басты міндеті – оқытудың түбегейлі жаңа сапасына қол жеткізу екендігіне на-зар аударып, бұл жұмыс ең алдымен мұғалімдерге қатысты екенін, олар оқыту бойынша басты тұлға болып есептелетінін алға тартып, сондықтан да мұғалім кәсібі қоғамда ең беделді, құрметті мамандыққа айналуы тиіс деп атап өтті.

Өкінішке орай, мектептерде ке-лешек педагогикалық элитаны қалыптастыру бойынша мақсатты іс-шаралар баяу жүргізіліп келеді. Кәсіпке бағдарлау кезінде мектеп бітірушілерді педагогикалық сала-дан басқа барлық мамандықтарға бағыттады. Ал педагог мамандығына көп мән беріле бермейді. Зерт-теулер нәтижесі көрсеткендей, тоғызыншы сынып бітірушілердің қала мектептерінде – 3–6 пай-ызы, ауыл мектептерінде – 10 пай-ызы ғана мұғалім мамандығын таңдайды екен. Осыдан келіп, педагогикалық мамандықтарға академиялық дайындығы жеткіліксіз жастар келетіні анықталды. Мұндай кездейсоқ келгендерден мықты мұғалім шығады дегенге сене қою екіталай. Жоғары оқу орындарында

кәсіби білім алуымен қатар, адами қасиетті болашақ мұғалімнің бой-ына сіңіру, нақтылай түссек, ізет пен инабатты, кішіпейілділік пен кісілікті, өзге де асыл қасиеттерді олардың санасына бірте-бірте дарыту қажет. Егер мұндай ізгіліктің негізі мектепте қалыптасса, мамандық алу барысында талапкер қиналмас еді.

Болашақ мұғалімдерді даярлауды модернизациялаудың бірінші кезектегі міндеті – білім берудің барлық са-тысында білім мазмұнын жаңарту; бейінді оқытуды есепке ала отырып, болашақ ұстаздарды терең ғылыми негізде даярлау; ауылдық, шағын комплектілі мектептерде оқитын да-рынды балалармен жұмыс жүргізу; оқытуды диверсификациялау, сара-лау және ақпараттық технология-ларды игеру. Арнайы мектеп немесе жалпы білім беретін мекемелердегі мүмкіндіктері шектеулі балаларға ерекше назар аудару қажет. Себебі, олардың арасында таланттар аз емес.

Ал, енді білім мазмұнын жаңартудағы инновациялық ізденістер қандай болу керек деген мәселеге жауап беріп көрелік. Біріншіден, 12 жылдық білім беруге көшу алдында оған озық дайындық қажет. Барлық педагогикалық мамандықтарға «Бейіндік оқыту педагогикасы» пәнін енгізуге тиіспіз. Екіншіден, ауылдық шағын комплектілі мек-тепте жұмыс істеуге ұмтылған жас мамандарға бағдар беру. Шынында, ауыл алтын бесігіміз дейміз. Сол ау-ылды білікті де білімді жас маманмен қамтамасыз ете алсақ, мыңдаған ұл-қыз тәлімді де тәрбиелі болып өседі. Үшіншіден, ұқсас пәндер бойынша мамандандыруды батыл енгізу: ма-тематика–физика, математика–информатика, физика–информа-тика, биология–химия, тарих–гео-графия, т.б. Төртіншіден, «Шағын-комплектілі мектепте білім берудің әдістемесі мен технологиясы» пәнін тиянақтау. Бесіншіден, болашақ мұғалімдерді ғылыми зерттеулер-мен шұғылдануға және дарынды ба-лалармен жұмыс жүргізуге даярлай білуіміз керек.

Ауыл мектебіне қажет мұғалімдерді кәсібіне қарай тиімді даярлау үшін педагогикалық бағыттағы жоғары оқу орындары жүзеге асыра-тын кешенді шаралар қандай де-генге келетін болсақ, олар: жұмыс берушілердің сұранысына қарай аймаққа қажет мұғалімдер туралы маркетингтік зерттеулер жүргізіп отыру; ауылдағы мектеп бітірушілерді кәсіпке бейімдеу механизмін құру және оны жүзеге асыру; жоғары оқу орындары мен ауылдық жерлердегі білім беру ұйымдары арасындағы бай-ланысты, оның ішінде оқу–өндірістік әріптестік желісін құру және да-мыту; ауылдық жерде жұмыс істеуге дайындалып жүрген студенттердің кәсіби дайындығы жайлы жүйелі мо-ниторинг жүргізуді назарда ұстау; оқу–тәрбие үдерісін ұйымдастыру мен мазмұнын ауылдың әлеуметтік жағдайына бейімдеу; педагогикалық



жоғары оқу орындары базасында ауылдық мектепте білім алып жүрген оқушыларға арналған олимпиадалар өткізуді ойластыру. Осындай шара-ларды жүйелі жүргізу оқушылардың болашақта мұғалім мамандығын таңдауға мүмкіндік беретіндігі ақиқат. Отанымызда білім беруді дамытудың 2011–2020 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасында пе-дагогтерге қойылатын талаптарды күшейту шаралары қарастырылған. 2015 жылдан бастап педагогикалық мамандықтар бойынша жоғары оқу орындарына түсу кезінде талапкердің педагогикалық қызметке икемділігін анықтауға арналған шығармашылық емтихан енгізілді. Егер шығармашылық емтихан тек педагогикалық мамандықтарға енгізілсе, онда педагогикалық мамандыққа келетін талапкерлер саны күрт азаятыны анық. Сондықтан әр талапкердің мамандыққа икемділігін анықтауға арналған шығармашылық емтиханын барлық мамандықтарға енгізген дұрыс. Тағы бір ойланатын жәйт, бүгінгі күні мұғалімдердің 86 пайызы әйел қауымы. Ал ке-лешек жас ұрпаққа білім беруде ер мұғалімнің алу орны айрықша. Сондықтан мұғалімдердің беделін көтеру, оларды әлеуметтік жағынан қолдау, қорғау кезек күттірмейтін мәселе ретінде қарастырылса оң нәтижеге қол жеткізілер еді.

Енді осы мәселелерді шешу жолын қарастырсақ, 12 жылдық білім бе-руге көшкенде профильдік мектепте жаратылыстану–математикалық және қоғамдық–гуманитарлық бағыттармен бірге педагогикалық бағытты да енгізу қажет. Педагогикалық бағыт бой-ынша 10–11 сынып оқушылары ара-сында аудандық, қалалық, облыстық, республикалық пәндік олимпиада өткізу тиімді болады.

Мұғалімдік мамандықтың беделі мен мәртебесін көтеруге қатысты ең маңызды үш бағытқа айрықша мән беруіміз керек. Біріншісі, мұғалімдерді лайықты жалақымен қамтамасыз ету. Бұл істе қазірдің өзінде нақты нәтиже бар. Мысалы: Финлянди-яда жас мұғалімдер 3 мың евро көлемінде жалақы алады. Бұл ел 1976–жылы білім реформасын ба-стап, 30 жылдан кейін, 2006–жылы бүкіл әлемге білім реформасының нәтижесін мойындатып отыр. Ал, біз әлі «реформалатып» келеміз. Жоғары оқу орындарының оқытушы–профессорлары 200–250 мың теңге

көлемінде жалақы алады. Орта мектеп мұғалімдерінің жалақысы көтерілді. Мұғалім тұлғасы жалақы деңгейіне сәйкес келе ме? Мұғалімдер қай кезеңде де жас ұрпақты жақсылық пен ізгілікке тәрбиелейтін тұлғалар. Отанымыздың адал да абзал азаматтарын, шынайы патриоттарын тәрбиелейтін қауым. Сондықтан да, ұстаз еңбегі игілікті еңбек, иманды еңбек деп бағалаймыз. Осыған орай, мұғалімдер жас ұрпақты жақсылыққа, ізгілікке, отаншылдыққа, елшілдікке тәрбиелеуге ең жоғары көрсеткіштермен жауап бе-руге тиісті. Өйткені, біз сіздерге ең қымбаттымызды – болашақтың ба-янды негізін қалайтын ұрпағымызды сеніп тапсырып отырмыз!

Екінші бағыт – мұғалімдердің біліктілігін арттыру бойынша батыл шаралар жүргізу. Бәріңіз білесіздер, тек жоғары білікті мамандар ғана қоғамда нақты құрметке бөлене алады. Ол үшін біз бітірушілер еуропалық деңгейге тең біліктілік алуы қажет деген тұрғыдан, ЖОО–ларда педагогикалық мамандықтар бойынша білім берудің тұжырымдамасы мен стандарттарын түпкілікті қайта қарап жатырмыз. Болашақ педагогтардың шәкіртақысын (мүмкін олекі есе артатын шығар) және мемлекеттік тапсырыстың құнын да айтарлықтай көбейтеміз. Және мұның бәрі оқытушы мамандығының абы-ройын көтеріп, педагогикалық ЖОО–ларға нағыз дарынды да қабілетті жастардың ұмтылуларына жол ашады деп сенеміз. Қазіргі жұмыс істеп жүрген мұғалімдер үшін біліктілікті арттырудың мүлде жаңа жүйесін жа-сап, оны өмірге енгізу орындалу үстінде. Ол үшін ең жақсы педагогикалық кад-рлар мен білім берудің озат шетелдік технологиялары шоғырландырылған жаңа құрылымдар – Президенттік ин-теллектуалды мектептерінің жанынан Педагогикалық шеберлік орталықтары, Педагогтардың біліктілігін арттырудың ұлттық орталығы құрылды. Бұл орталықтарда мұғалімдер әлемдік тәжірибеге сай әзірленген жаңа бағдарламалар бойынша үш айлық қайта даярлаудан өтетін болады.

Жұмысымыздың үшінші бағыты – бұқаралық ақпарат құралдары арқылы мұғалімдердің ең жақсы жетістіктерін насихаттау, педагогикалық шеберлік байқауларын өткізіп, үкіметтік емес ұйымдар, ата-аналар, жұмыс берушілермен тығыз байланыс ор-нату және басқа шаралар арқылы педагогикалық мамандықтың қоғамдық беделін жүйелі түрде көтеруіміз керек.

Шығыс халқы ежелден ұстаздық мамандыққа ерекше көзқарас қалыптастырып, оны қоғамдағы ең бір құрметті адам деп санаған. Осы бір бірнеше ғасырға созылған дәстүрді қайтадан қалпына келтіріп, мұғалімнің беделі мен мәртебесін ор-нына келтіруге тиістіміз.

Айдар САБЫРОВ,
Х.Досмұхамедов атындағы
Атырау университеті,
«Педагогика және психология»
кафедрасының доценті

КҮЙ ҚАҒАНЫ РЫСПАЙ ҒАБДИЕВ

Х.Досмұхамедов атындағы Атырау университетінің ұстазы, Қазақстанның Халық әртісі, «Парасат» ордені иегері, дәулескер күйші, дирижер Рыспай Ғабдиевтың шығармашылығына арналған дөңгелек үстел жиыны өтті. Жиынға өнерпаздың көзін көрген замандастары, музыка зерттеушілері, зиялы қауым өкілдері мен шәкірттері, универистеттің оқытушы–профессорлары және студенттер қатысты.

Дауылпаз домбырашы, өнер зерттеушісі, ғалым Рыспай Ғабдиев – қазақ халқының дәстүрлі күйшілік өнер мектебінің көрнекті өкілдерінің ізін жалғаған дәулескер күйші. Оның реперту-ары арқылы Құрманғазының «Терісқақпай», «Төремұрат», «Байжұма», «Адай», «Аман бол, шешей», «Қайран шешем», «Ма-шина», Динаның «Бұлбұл», «Байжұма», Дәулеткерейдің «Қос ішек», «Көркем ханым», «Кербез Ақжелең», «Керөғлы», Сейтектің «Ақсақ құлан», Есбайдың «Ел айырылған», Ерғалидің «Қоштасу», Қазанғаптың, Абылдың күйлері, халық шығармашылығының жауһарлары бүгінгі ұрпаққа жетті.

«Батыс күй мектебінің дүлдүлі, Атырау өңіріндегі күйшілікті әлемге танытқан өнердің ұлы тұлғасы – Рыспай Ғабдиев Атырау университеті, сол кездегі Гурьев педагогикалық институтындағы еңбек жо-лын 1980 жылы бастайды. 1980–1990 жылдары – 10 жыл бойы оқу орнының музыка және педагогика факультетінің деканы болып қызмет атқарды. Бүгінде күйшінің орындауындағы шығармалар топтамасы 3 күйтабаққа жинақталып, «Байжұма» деген атаумен жарық көрді. Бұдан бөлек, ғалым ұстаз «Балалар оркестрімен жұмыс», «Домбы-радан сабақ беру тәсілі» сынды бірнеше еңбектің

авторы. Оның артында қалған мол мұрасы му-зыка зерттеушілері үшін, маман даярлау ісінде ұдайы бағыт–бағдар болып келді», – деді Басқарма төрағасы–ректор Саламат Идрисов.

Жиынға қатысқан күйші Рыспай Ғабдиевтің за-мандастары Атырау облысының Құрметті аза-маты Нұрпейіс Мақашев, Атырау облысының Құрметті азаматы, «Құрмет» ордені иегері Зұлпыхар Сүйнешов, Мақат ауданының Құрметті азаматы, ҚР білім беру ісінің үздігі, Р.Ғабдиев атындағы балалар саз мектебінің ардагер ұстазы Естай Ғинаятов өнерпаздың өнегелі өмірінен сыр шертетін естеліктерімен бөлісті. Ал айтыскер ақын, ҚР еңбек сіңірген қайраткері, «Құрмет» орденінің иегері Мәлс Қосымбаев дәулескер күйшіге арнап арнау айтты. Бұдан бөлек, өнер қайраткерінен тәлім алған шәкірттері өнер көрсетті.

26 СТУДЕНТ «ҚАЗАҚСТАН ХАЛҚЫНА» ҚОРЫ ГРАНТЫН АЛДЫ



Биыл Х.Досмұхамедов атындағы Атырау университетінің 26 студенті «Қазақстан халқына» ҚҚ білім грантын иеленді. Аталған қордың грантын алатын студенттердің саны жыл сайын артып келді.

ҚР Президенті Қ.Тоқаевтың тапсырмасымен құрылған «Қазақстан халқына» ҚҚ – 2022 жылдан бастап әртүрлі әлеуметтік ортадан шыққан талапкерлерге грант бөліп келеді. Х.Досмұхамедов атындағы Атырау университетіне 2022 жылы – 9, 2023 жылы – 20 грант бөлінсе, 2024 жылы – 26 талапкер қордың грант иегері атанды.

«Биыл қор грантының иегері атандым. Біздің білім алуымызға, оқуға деген ынтамызды арттырып, университет студенті атануға барлық мүмкіндік ашқан «Қазақстан Халқына» қорына алғысымды білдіремін. Грант иегері атану мен үшін үлкен қуаныш, мәртебе», – дейді құқықтану мамандығының 1 курс

студенті Нұрсәуле Серік.

Х.Досмұхамедов атындағы Атырау университеті қордың іріктеуіне ауылдық елді мекендердегі, шағын және моноқалалардағы аз қамтылған отбасылардан шыққан үміткерлерді, мүгедектігі бар студенттерді, мүгедек балаларды тәрбиелеп отырған отбасында тәрбиеленетін тағы да басқа мемелкеттік қолдауға мұхтаж талапкерлерді ұсынған.

«Бізге, әртүрлі әлеуметтік ортадан шыққан талапкерлерге, еліміздің игілігі үшін тегін білім алуға, әрі оқуда табысты, мықты болуға мүмкіндік берген – «Қазақстан халқына» қоғамдық қорына рахмет», – деді психология мамандығының 1 курс студенті Ақерке Ардақызы.

Х.Досмұхамедов атындағы Атырау университетінің студенттері қартарында «Қазақстан халқына» қоғамдық қорының грантымен 55 студент білім алып жүр. Олардың алғашқылары 2026 жылы оқуын аяқтайды.



«ҚАЗАҚ-ҚЫРҒЫЗ – БІР ТУҒАН!»

Осылай аталатын іс-шарада Х.Досмұхамедов атындағы Атырау университетінің студенттері Париж олимпиадасының күміс жүлдегері, қазақстандық палуан Демеу Жадраев және аталмыш олимпиаданың қола жүлдегері, қырғыз спортшысы Ақжол Махмудовпен көзбе-көз кездесуге мүмкіндік алды.

Қос ел мақтаныштары өз чемпи-

ондарын көруге жиналған жас спорт жанкүйерлеріне мотивациялық бағыттағы ақыл-кеңестерін айтты. Студенттер емін-еркін сұрақтарын қойып, жеңімпаздарға жүрекжарды тілектерін де арнап үлгерді.

Сөз жоқ, жастарға жаңа серпін беруге септесетін кездесу соңы спортшылармен естелік суретке түсу рәсімімен қорытындыланды.



Меншік иесі: Х.Досмұхамедов атындағы Атырау университеті